

**ТОҚТАҒАЗИН ҰЛАН**

**«Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша дуальді оқыту жүйесі бойынша оқу әдістемелік комплексті жобалау (Семей қ. Гум-манитарлы-экономикалық колледжі мысалында)**

**Диссертация құрылымы және көлемі.** «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша дуальді оқыту жүйесі бойынша оқу әдістемелік комплексті жобалау (Семей қ. Гум-манитарлы-экономикалық колледжі мысалында) атты тақырыбындағы магистерлік диссертация кіріспеден, үш бөлімнен, қорытынды, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады. Диссертациялық жұмыс компьютерде терілген 76 беттен, оның ішінде 9 сурет, 6 кестені және 42 қолданылған әдебиеттер тізімін қосады. Сандық материалдар кестелерде, суреттерде келтірілген.

**Негізгі сөздердің тізімі:** бағдарламалық қамтама, гиперсілтіме, дуальді оқыту автоматтандырылған жүйе, ақпарат, электронды қабылдау комиссиясы, графикалық интерфейс, колледж, ақпараттық жүйе, ақпараттық технологиялар, технологиялық тәсіл, ақпараттық жүйе алгоритмі, деректер қоры.

Диссертациялық жұмыс «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша дуальді оқыту жүйесі бойынша оқу әдістемелік комплексті жобалауға арналған (Семей қаласы «Гумманитарлы-экономикалық колледжі»).

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Еліміз жаңа тарихи кезеңге аяқ басуының маңызды үдерісінің бірі ұлттық экономикалық жаңғыруы болып отыр. Экономикалық әлеуеті жоғары, рухани тірегі мықты мемлекеттің әлемдік еңбек нарығындағы бәсекеге қабілеттілігі мен ұтқырлығы арта түсетіні шындық. Осы мақсаттарға жету үшін жұмыс орнында тез арада біліктілігін қайта өзгертуге және жоғары еңбек өнімділігіне қол жеткізуге қабілетті мамандар даярлау. Кәсіптік білім беру жүйесінде, Елбасы айтқандай, экономикадағы жаңа өндірістер үшін мамандар дайындауға ден қою керек. Ол үшін кәсіптік стандарттар еңбек нарығының талаптарына және ең үздік әлемдік оқу-өндірістік тәжірибелерге сәйкес жаңартылуы қажет. Қазіргі кезде, әлемде оқытудың дуальды жүйесі кәсіптік-техникалық кадрлар даярлаудың ең тиімді жолдарының бірі. Оның ерекшелігі сол кәсіптік оқыту үдерісінің басым бөлігі оқу орнында емес, кәсіпорындарда технологиялық, диплом алдындағы тәжірибелерден өтеді.

Шаруашылықтың қай саласын да өздері таңдаған мамандықтарын кәсіби тұрғыдан жан-жақты игеріп, озық технология мен заманауи техника тілін меңгергендер ғана дамыта алады. Сондықтан еліміздегі өндіріске қажетті мамандар әзірлеу деңгейін көтеру міндетін әлеуметтік серіктестік, теория мен тәжірибенің үйлесімділігі атқарады. Бұл үйлесімділік дуальды білім беру жүйесінде жан-жақты өрістей алады.

Өңірлерде дуальды жүйені енгізу бойынша жұмыстар кәсіпорындармен оқу жоспарларын, оқу процесінің кестесін қайта қараумен, кәсіптік білім беру орындарының материалдық-техникалық базасын жетілдірумен тығыз

байланысты. Сонымен қатар, мамандықтар тізімін ұлғайтуға, оқытушылардың біліктілігін арттыруға ден қойылуда.

Дуальды жүйемен оқытудың жетістігі көп. Біріншіден, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасу көрсеткіші жоғары болады, себебі оқу барысында өндіріспен тығыз байланыста болған оқушы жұмыс берушінің барлық талаптарын игеріп, меңгерген жұмысшы маман болады. Екіншіден, жақсы білімді, болашақ жұмысшы маман психологиялық жағынан жаңа ортаға бейімделген дайын маман болып шығады. Өндірісте өздігінен шешім қабылдай алады. Теория мен тәжірибені меңгеріп, бекітілген жұмысқа деген жауапкершілік сезімі жоғарылайды. Өндірісте болғандықтан ұжыммен жұмыс жүргізеді және өндірістегі жұмыстарға бейімделеді.

**Мәселенің зерттелу деңгейі.** Зерттеу бірнеше бағытта жүрді: «Ақпараттық жүйелер» мамандығы бойынша дуальді оқыту жүйесі бойынша оқу әдістемелік комплексті жобалау, үрдістерді автоматтандыру, компьютер біліктілігін қалыптастыру, меңгеру.

**Зерттеу мақсаты мен тапсырмалары.** Дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында білім құндылығын қалыптастыруды ғылыми-теориялық тұрғыда негіздеу және мазмұны мен оқу әдістемелік комплекс әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің ғылыми болжамы: егер, дуальді оқыту жүйесінде колледж студенттерінің бойында еңбек құндылықтарын қалыптастыру теориялық тұрғыда негізделіп, соған орай модель ұсынылса және оны жүзеге асырудың педагогикалық шарттары мен әдістемесі аныкталып, электроноды оқу – әдістемелік кешенмен камтамасыздандырылса, онда колледж студенттерінің кәсіби мамандық саласынан біліктілігі арта түседі, ал бұл болса, оларға меңгерген білім, іскерлік, дағдысын практикада тиімді пайдалануына септігін тигізеді.

**Диссертациялық зерттеу объектісі.** Семей қаласы Гумманитарлы-экономикалық колледжі болып табылады.